

**«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ»
КЕАҚ
Ғылыми кеңес отырысында
13.05.2023 ж. № 10 хаттамамен
БЕКІТІЛДІ**

**D057 – «Лингвистика»
білім беру бағдарламалары тобына
докторантураға түсушілерге арналған
емтихан бағдарламасы**

1. Жалпы ережелер.

1. Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

2. Докторантураға түсу емтиханы эссе жазудан, докторантурада оқуға дайындығына тест тапсырудан (бұдан әрі – ОДТ), білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханнан және сұхбаттасудан тұрады.

Блогы	Балы
1. Эссе	10
2. Докторантурада оқуға дайындық тесті	30
3. Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан	40
4. Сұхбаттасу	20
5. Барлығы/ өту ұпайы	100/75

3. Түсу емтиханының ұзақтығы – 4 сағат, осы уақыт ішінде оқуға түсуші эссе жазады, докторантурада оқуға дайындық тестінен өтеді, электрондық емтихан билетіне жауап береді. Сұхбаттасу ЖОО қабылдау емтиханының алдында өткізіледі.

2. Түсу емтиханын өткізу тәртібі.

1. D057–«Лингвистика» білім беру бағдарламалары тобына докторантураға түсушілер мотивациялық эссе жазады. Эссе көлемі – 250-300 сөзден кем болмауы керек.

2. Электрондық емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады.

Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтиханға дайындалуға арналған тақырыптар.

«Тіл білімінің тарихы» пәні

1 тақырып. Ежелгі дәуір тіл білімі.

Тіл білімі тарихын кезеңдерге бөлу мәселесі. «Атаулардың дұрыстығы» туралы айтыс, аналогия және аномалия, тілдің негізгі бөлшектерін (дыбыс, буын, сөз, сөйлем) және негізгі грамматикалық категорияларды анықтау. Көне грек-рим, қытай, үнді, араб, түркі тіл білімінің жетістіктері. М. Қашқари және оның лингвистикаға қосқан үлесі.

2 тақырып. ХҮІ-ХҮІІІ ғасыр тіл білімі.

Еуропа тілдері грамматикасына латын грамматикасының әсері. Тілдер туыстығын дәлелдеудің алғашқы қадамдары. Пор-Рояль грамматикасы – жалпы лингвистикалық теориялар мен аймақтық грамматикалар жасаудың алғашқы үлгісі. Философтар еңбектеріндегі тіл мәселелері: Ф. Бэкан, Р. Декарт, Г. Лейбниц және т.б. Тілдің пайда болу теориялары: Ж.Ж. Руссо, И. Гердер, М.В. Ломоносов.

3 тақырып. Салыстырмалы-тарихи тіл білімі.

Тілдер туыстастығы мәселелері. Санскрит тілінің салыстырмалы-тарихи тіл біліміндегі орны: В.Джоунз, Ф. Шлегель. ХІХ ғ. бірінші ширегіндегі салыстырмалы-тарихи тіл білімі: Р. Раск, Ф. Бопп, Я. Гримм, Ф. Диц, А.Х. Востоков. Үнді-еуропа тілдеріндегі салыстырмалы-тарихи грамматикалар. Туыстық шежіре (бұтақ) теориясы және И. Шмидттің толқын теориясы.

4 тақырып. Салыстырмалы-тарихи тіл біліміндегі жас грамматистер дәуірі. ХХ ғ. салыстырмалы-тарихи тіл білімі. Реконструкция мәселелері.

Жаңа әдістер, нақты әдістерге талпыну, эксперименталдық саланың дамуы. К. Брутман және Б. Дельбрюк: тілдерді сипаттаудың жүйелілік жұмыстары.

Тохар және хетто-лувий тілдерінің ашылуы. Ларингал теориясы. Үнді-еуропа негіз құрылымдары туралы жаңа теориялар және әр түрлі грамматикалық категориялардың пайда болуы: Э. Бенвенист, Ф. де Соссюр, Э. Стертеван, Х. Педерсен, Е. Курилович.

Салыстырмалы-тарихи тіл білімі және тілдегі шылаулар туралы ілім. Лингвистикалық палентология және тілдердің макросемьялары теориясы: В.М. Иллич-Свитыч, Т.В. Гамкрелидзе, В.В. Иванов.

5 тақырып. В. фон Гумбольдттың лингвистикалық көзқарастары.

Тақырыпшылар: Тіл философиясы. Тіл формалары туралы ілім. Тілдің ішкі формасы туралы түсінік. Тіл және ойлау. Халықтық рух түсінігі. Тіл – әрекет, және тіл – әрекеттің жемісі. Тілдердің типологиялық топтастырылуы қағидасы. В. фон Гумбольдт – тіл әлемнің ерекше бейнесі.

6 тақырып. ХІХ ғ. тіл біліміндегі әмбебап-логикалық бағыт.

К. Беккердің "тіл ағзасы". К. Беккер сөйлеудің психогенезі туралы, логика мен грамматика арақатысы, логикалық, грамматикалық және этимологиялық формалар туралы. Ф.И. Буслаев грамматикалық формалар мен ойлау заңдары арасындағы қатынас және логика мен грамматика арасындағы шектік туралы. Сөз таптарын және сөйлем мүшелерін бөлудегі логика-синтаксистік негіздер.

7 тақырып. Натуралистік бағыт.

А. Шлейхер ілімі. Тілді тірі ағза ретінде қарау. Тіл дамуының екі кезеңі туралы. Тілдегі мағына және қатынас түсінігі. Тілдердің типологиялық топтастырылуы. Ата тіл туралы түсінік және туыстық шежіре мен реконструкция қағидалары. И. Шмидттің толқын теориясы. М. Мюллер теориясы – натурализмнің ерекше түрі.

8 тақырып. Психологиялық бағыт.

XIX ғ. екінші жартысындағы психология және тіл білімі. Г. Штейнтальдің лингвистикалық жүйесі. Логикалық бағытқа сын. Тілдік ойлау мен ішкі форма туралы ілім. Этникалық психология. А.А. Потебняның лингвистикалық көзқарастары. А.А. Потебняның зерттеулеріндегі семантикалық бағыт.

В. Вундтың лингвистикалық көзқарастары. Халық психологиясы ұғымы.

9 тақырып. Жас грамматикалық бағыт.

Неміс жас грамматистерінің көзқарасындағы позитивистік және жеке психологиялық негіздер. Лейпцих мектебінің "Манифесті" және оның негізгі тезистері. Г. Остгоф және К. Бругман. Жас грамматистердің дыбыстар заңдылықтары және аналогия туралы ілімдері. Ықтималдық және абсолюттік хронология ұғымы. Жас грамматистер "атомизмі". Г. Пауль теориясы. Тіл тарихы – тіл білімінің пәні мен мазмұны. Қарым-қатынас үдерісіне сипаттама. Индивид, қоғам және тіл. Тіл және диалектілер. Салыстырмалы-тарихи әдістің жетілуі мен дамуы.

10 тақырып. Москва мектебі.

Ф.Ф. Фортунатовтың лингвистикалық көзқарастары. Грамматикалық форма мен грамматикалық мағына туралы ілім. Нөлдік форма туралы түсінік. Сөздің грамматикалық топтары туралы ілім. Сөз – таңбаның бір түрі. Сөз тіркестері теориясы. Ф.Ф. Фортунатов еңбектеріндегі салыстырмалы-тарихи тіл білімі және типология мәселелері. А.А. Шахматовтың жалпы және салыстырмалы-тарихи тіл біліміндегі мұрасы. А.М. Пешковский, В.М. Ляпунов, Д.Н. Ушаков, М.М. Покровский және т.б лингвистикалық көзқарастары.

11 тақырып. Қазан лингвистикалық мектебі.

Қазан лингвистикалық мектебінің қалыптасуы және оның бағдарламасы. И.А. Бодуэн де Куртененің лингвистикалық көзқарастары: тіл дамуы мәселелері: статика және динамика; тіл туралы ілім – қоғамдық-психикалық құбылыс; фонема және морфема теориясының жасалуы; эксперименталды фонетиканың пайда болуы; тілдің жүйелік концепциясы. Альтернатива ұғымы. Сипаттамалы әдіс қағидасының талдануы. Тілдің пайда болуы және тілдік өзгерістің себептері. Тілдің таңбалық сипаты туралы В.Н. Крушевский ілімі. В.А. Богородицкийдің негізгі морфологиялық үдерістер туралы ілімі. Сөз таптары және сөйлемдер мәселелері туралы. Экспериментальдық тұрғыдағы фонетика мәселесі.

12 тақырып. Эстетикалық мектеп.

К. Фосслерге В. фон Гумбольдт пен Б. Кроге идеяларының әсері. Лингвистика – қолданбалы эстетика. Стилистика – әмбебап пән. Лингвистика және әдебиеттану.

13 тақырып. «Сөздер және заттар» мектебі.

Г. Шухардт және Р. Мерингер – «сөздер және заттар» мектебінің өкілі. Жас грамматистердің фонетикалық заңдылықтар туралы теориясына сын. Тілдердің тоғысуы. Ономологиялық зерттеулер.

14 тақырып. Аралды (кеңістік) лингвистика.

Неолингвистика. Диалектология және лингвистикалық география. Лингвистикалық үздіксіздік теориясы. Изоглоссия. Италиян неолингвистерінің еңбектеріндегі лингвистикалық география мәселелері: М. Бартоли, В. Пизани, Дж. Бонфанте. Субстрат туралы ілім: И. Асколи. В. Пизанидің ареалды лингвистика және тілдік одақтар лингвистикасын салыстырмалы тарихи зерттеулерінде қолдануы.

15 тақырып. Фердинанд де Соссюрдің лингвистикалық көзқарастары.

Ф. де Соссюр еңбектеріндегі жалпы тіл білімі мәселелері: тілдің анықтамасы; тіл мен сөйлеудің арақатысы туралы; сыртқы және ішкі лингвистика; тілдегі синхрония және диахрония; тіл мен сөйлеудегі синтагматикалық және парадигматикалық қатынастар; таңба және таңба жүйесін анықтау; таңба түрлері және олардың қасиеттері. Ф. де Соссюр және А. Гардинер, Э. Бенвенист, Э. Косериу.

16 тақырып. Француз социолінгвистикасы.

А. Мейе еңбектеріндегі тілдің әлеуметтік құбылыс ретінде анықталуы. А. Мейенің салыстырмалы-тарихи тіл біліміне қосқан үлесі. Салыстырмалы-тарихи әдісті негіздеуі. Ата-тіл ұғымы. А. Мейенің тілдердің араласуы туралы көзқарастары. Ж. Вандриестің жалпы лингвистикалық көзқарастары. Ш. Баллидің, А. Сешенің әлеуметтік идеялары. М. Коэн бойынша тілдің әлеуметтенуі. А. Мартиненің қос мүшелену және тілдік өзгерістерді үнемдеу қағидасы. Э. Бенвенист еңбектеріндегі жалпы тіл білімі мәселелері.

17 тақырып. Америка этнолінгвистикасы.

Ф. Боас және оның американдық үндістердің тілі туралы зерттеулері. Америка бихевиоризмі: Л. Блумфилд, Л. Блумфилдтің постулаттар қағидасы. Адамның тілі және мінез құлқы (стимулдар және реакциялар). Э. Сепирдің модель теориясы. Америкадағы этнолінгвистика (антропологиялық лингвистика) және оның өкілдері: Ф. Боас, Э. Сепир, С. Лэм, Б. Уорф. Тіл және әлем көрінісі. Тіл мен мәдениеттің байланысы.

18 тақырып. Неогумбольдтшылдық.

Неогумбольдтшылдық – ойлау мен танымдағы тілдің рөлі туралы. Тіл әлемді түсінудің "кілті" туралы В. Вайсгербер теориясы. Тілдің семантикалық құрылымы және әлемді түсінудегі неогумбольдтшылдық. Тілдегі субъективтік пен объективтік факторлардың арақатысы. Тіл және әлем бейнесі. Сепир-Уорф лингвистикалық қатыстылық болжамы.

19 тақырып. Лингвистикалық семантика. Структурализмнің негізгі бағыттары.

Семантикалық өріс теориясы: И. Трир, В. Порциг. Ф. де Соссюр және И.А. Бодуэн де Куртенэ – лингвистикалық структурализмнің өкілдері. XX ғ. структурализм. Жас грамматистік зерттеулердің теориясы мен практикасына сүйену және оның арақатысы. Тілді құрылымдық жағынан сипаттаудың әдіснамалық негізі.

20 тақырып. Прага мектебіндегі функционалдық бағыт.

Н.С. Трубецкой, Р. Якобсон, В. Метезиус және т.б. Н.С. Трубецкойдың фонологиялық теориясы. Фонема туралы түсінік. Оппозиция туралы ілім. Актуалдық мүшелену теориясы (В. Метезиус). Р. Якобсонның универсалдық фонологияның қасиеттері мен теориясы. Грамматикалық зерттеулер: В. Метезиус. Сөйленімнің актуалдық мүшелену теориясы. Функционалдық категория және әдеби тілдің дифференциациясы. Прагалықтардың типологиялық зерттеулері. "Тілдік одақтар" теориясы.

21 тақырып. Глоссематика (Дания немесе Копенгаген структурализмі).

Дания немесе **Копенгаген** структурализмі мектебінің өкілдері, көтерген негізгі мәселелері, әдіснамасы және әдістемесі. Л. Ельмслев, В. Брендаль, Х. Ульдаль. Тіл және сөйлеу. Тіл – таңбалар жүйесі.

Лингвистикалық талдау тәсілдері. Жеткізу өрісі және мазмұн өрісі. Таңбалар және символдар. Форма және субстанция. Вариант және инвариант. Глоссематикадағы лингвистикалық талдаулардың түрлері мен амалдары.

22 тақырып. Дескриптивтік лингвистика (америка структурализмі).

Тіл туралы постулаттар жиынтығы. Дистрибуция модельдері. Б. Блок, Г. Трейгер, Ч. Хоккет, З. Хэррис. Тіл қабаттары жүйесі туралы түсінік. Аллофондар және алломорфтар. Қос бөлшектер (ҚБ) талдауы. Трансформациялық талдау (ТТ). Трансформация-генеративтік грамматика: Н. Хомский, Р. Лиз. Тілдік мағынаға қатысты позиция, даму жолдары. Туындау механизмінің негізгі түрлері.

23 тақырып. Франция функционалдық мектебі.

А. Мартине. Лингвистикалық структурализм мен функционализмнің жетістіктері және кемшіліктеріне сын.

24 тақырып. Лондон лингвистикалық мектебі.

Лондон мектебі өкілдерінің (Дж. Ферс) еңбектеріндегі тіл табиғаты туралы түсініктер. Дж. Ферс және Б. Малиновскийдің тұлғаның тілмен байланысы туралы идеялары. Мағына мәселесі және оның лингвистикалық талдаудағы орны. В. Аллен және М. Холлидей еңбектеріндегі тіл құрылымы мәселесі.

25 тақырып. Ресей тіл білімі.

Қазіргі орыс тілі теориясының қалыптасуы: Л.В. Щерба, Л.П. Якубинский, П.С. Кузнецов, В.В. Виноградов, С.Г. Бархударов, Б.А. Ларин, Н.Ю. Шведова және т.б. Тілді зерттеу және оның мәдениетке, халық психологиясы мен мифологияға қатысы (Ф.И. Буслаев, А.А. Потебня, А.Н. Афанасев) және И. Смирницкий еңбектеріндегі сөз туралы ілім.

26 тақырып. Әлеуметтік лингвистика туралы идеялар.

Әлеуметтік лингвистика туралы идеялардың М.Н. Петерсон, Р.О. Шор, Е.Д. Поливанов еңбектеріндегі көрінісі. Глоттогендік үдерістер туралы

27 тақырып. Н.Я. Марр және оның ілімі.

Н.Я. Маррдың лингвистикалық көзқарастары.

И.И. Мещанинов – синтаксистік типология туралы. Фонема туралы тартыстар. Структурализм туралы түрлі көзқарастар. Қазіргі орыс тіл біліміндегі функционалдық бағыт.

28 тақырып. Қазақстан тіл білімі.

Қазақ тіл білімі – жалпы түркітанудің құрамдас бөлігі (Н.И. Ильминский, В.В. Радлов, С.Е. Малов, П.М. Мелиоранский, В.В. Катаринский, А. Құрышжанов және т.б.).

29 тақырып. Қазақ тіл білімі туралы ілім (А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, І. Кеңесбаев, С. Аманжолов, Ы. Маманов, Н. Сауранбаев, Ғ. Мұсаев, М. Балақаев, Ә. Қайдаров, Р. Сыздықова және т.б.).

А. Байтұрсынов, Қ. Жұбановтың жалпы лингвистикалық ілімдері. Қазақ графикасы мәселелері: А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, А.С. Аманжолов, Е. Омаров, Х. Досмұхамедов және т.б.

«Лингвистикалық типология» пәні

1 тақырып. Әулет – тілдердің макроәулеті.

Жалғамалы тіл типі. Тілдер мысалдары және олардың жалпы сипаттамасы. Қопармалы тіл типі. Тілдер мысалдары және олардың жалпы сипаттамасы. Даралаушы тіл типі. Тілдер мысалдары және олардың жалпы сипаттамасы. Полисинтетикалық тіл типі. Тілдер мысалдары және олардың жалпы сипаттамасы. Орыс тілінің генетикалық және типологиялық сипаттамасы.

2 тақырып. Тілдің дамуы.

Конвергенция және дивергенция үрдістері. Қазақ тілінің генетикалық және типологиялық сипаттамасы. Ағылшын тілінің генетикалық және типологиялық сипаттамасы. Қазақ және орыс тілдерінің генетикалық сипаттамасы. Қазақ және орыс тілдерінің типологиялық сипаттамасы. Орыс және ағылшын тілдерінің генетикалық сипаттамасы. Орыс және ағылшын тілдерінің типологиялық сипаттамасы.

«Тіл білімі ғылымының зерттеу әдіс-тәсілдері» пәні.

1 тақырып. Лингвистикалық зерттеудің әдістері.

Салыстырмалы-тарихи әдіс. Сипаттамалы әдіс. Салғастырмалы әдіс. Компоненттік талдау. Семантикалық талдау әдісі. Ассоциативтік эксперимент.

«Жалпы тіл білімі» пәні

1 тақырып. Семиотика.

Тіл ерекше таңбалар жүйесі ретінде. Таңбалық жүйелер. Таңба мәселесі. Тілдің таңбалық сипаты. Мазмұн өресі мен жеткізу өресінің бірлігі. Тілдік таңбаны топтастыру. Тілдің таңбалық теориялары. Ч. Пирстің таңба туралы теориясы. Прагмалингвистика.

2 тақырып. Фонетикалық жүйе туралы түсінік.

Фонетиканың пәні мен міндеттері. Антропофоника және фонология. Теориялық, практикалық және эксперименталды фонетика. Контрастивтік фонетика. Тарихи фонетика. Фонема туралы түсінік. Дыбыс және фонема. Фонеманың перцептивтік және сигнификативтік қызметі. Фонеманың дифференциалдық және интегралдық белгілері. Фонема реңктері (аллофондар).

3 тақырып. Сөз – лексикология пәні.

Тілдегі сөздердің типтері. Сөз және морфема. Лексикологияның бөлімдері: семасиология, ономасиология, этимология, лексикография.

4 тақырып. Фразеология.

Сөздердің еркін және тұрақты тіркестері. Фразеологиялық бірліктердің семантикалық тұтастығы және құрылысы тұрғысынан жіктелуі.

5 тақырып. Жалпы грамматика.

Морфология тілдердің сыртқы құрылымы туралы ілім ретінде. Морфемалардың түрлері. Грамматикалық категория. Грамматикалық форма. Грамматикалық форма және грамматикалық мағына туралы ілім, сөз таптарының және сөйлем мүшелерінің қалыптасуы туралы. Дүниежүзі тілдерінде грамматикалық мағыналардың білдірілу жолдары.

6 тақырып. Жалпы синтаксис.

Сөз тіркесі және сөйлем. Сөз тіркесі және оларға тән белгілер. Сөйлем және оларға тән белгілер. Жай сөйлем. Жай сөйлемдер құрамындағы синтагмалар.

7 тақырып. Тілдің сөздік құрамының стилистикалық тұрғыдан жіктелуі.

Стилистикалық бейтарап сөздер. Кітаби лексика. Ауызекі және жалпыхалықтық лексика. Әдеби тіл лексикасы және диалектілік лексика. Түрлі әлеуметтік топтар лексикасының ерекшеліктері.

8 тақырып. Жазу теориясы және жазу тарихы.

Тақырыпшалар: Жазу таңбалары және олардың типтері. Жазудың типтері. Пиктография. Идеография. Көне Египет иероглификасы. Шумер жазуы. Буындық жазу. Қазіргі әлемдегі әліпбилік жазу түрлері. Қазіргі қазақ жазуына байланысты реформа және оның негізгі мәселелері.

«Тіл білімінің қазіргі бағыттары» пәні

1 тақырып. Әлеуметтік лингвистика.

Әлеуметтік лингвистиканың мақсаты, пәні, нысаны. Тіл және қоғам. Диглоссия және билингвизм. Тілдердің аймақтық және әлеуметтік жіктелімі (дифференциация): диалект vs. социолект.

2 тақырып. Қазақстан халықтарының тілдері.

Қазақстан халықтарының тілдері: генетикалық сипаттамасы. Қазақстан халықтарының тілдері: типологиялық сипаттамасы. Қазақстандағы тілдік жағдаят. Қазақстанның тіл саясаты, тілдік жоспарлау.

3 тақырып. «Тілдік қатынас негіздері» пәні.

Тілдер дамуының дивергенттік теориясы. Тілдер дамуының конвергенттік теориясы. Тілдік одақ мәселесі. Креол және пиджин тілдер. Қазақ және орыс тілдерінің қатынасы. Кірме сөздер. Тілдік қатынастағы қостілділік мәселесі. Интерференция: себептері және олардың алдын алу жолдары.

4 тақырып. Табиғи және жасанды тілдер.

Жасанды ақпарат тілдердің түрлері мен олардың құрылымы. Формаланған тілдер (бағдарламалау тілдері, ақпараттық тілдер).

5 тақырып. «Қолданбалы тіл білімі» пәні

Қолданбалы лингвистикалық пән ретіндегі компьютерлік лингвистика және лингвистикадағы автоматтандыру. Компьютерлік лингвистика: нысаны, мақсаты, міндеттері. Компьютерлік лингвистиканың негізгі бағыттары. Компьютерлік лингвистиканың когнитивтік құралы. Ақпаратты қабылдау мен өңдеудің заманауи тәсілдері. Тілді, мәтінді автоматты түрде өңдеу. Табиғи және жасанды тілдер. Интернет-технологиялар: шет тілдерін оқытудағы рөлі мен әдістері.

6 тақырып. Психолингвистика.

Психолингвистика сөйлеу әрекеті туралы ғылым ретінде. Ғылымның мақсаттары, міндеттері, әдістері. Сөйлеу әрекеті және вербальды емес қарым-қатынас. Тіл-ойлау-шындық: өзара әрекеттесу және қарама-қайшылық. Адамның санасы және тілдік сана. Адамның психикалық лексикасы. Шетел тілін оқытудағы психолингвистиканың рөлі.

7 тақырып. Когнитивті лингвистика.

Когнитивтік лингвистика адамның ойлауын модельдеудің жалпы принциптері туралы пән ретінде. Ғылымның мақсаттары, міндеттері, әдістері. Когнитивизм, таным, когнитивті зерттеу. Әлемнің жеке, лингвистикалық, концептуалды, ғылыми және ұлттық бейнесі. Тілдік құзыреттілік: екінші тілді меңгерудің когнитивті аспектісі. Белгілерді, бейнелерді когнитивті модельдеу.

8 тақырып. Лингвомәдениеттану.

Лингвомәдениеттану мәдениетті тілде бейнелейтін ғылым ретінде. Метафораларды, таңбаларды, стереотиптерді, бейнелерді, фразеологиялық бірліктерді, ұғымдарды зерттеуге лингвомәдени тәсіл.

Мәдениетаралық коммуникация: мақсаты мен міндеттері. Мәдениет және өркениет. Мәдени сәйкестілік: өзінің және басқа біреудің мәдениеті. Жоғары және төмен контекстік мәдениеттер. Мәдениетаралық құзыреттілік, мәдени қақтығыс, мәдени сенделіс.

9 тақырып. Этнолингвистика.

Тіл және этнос: ғылымның мақсаты, міндеттері, әдістері. Этногенез, этникалық тарих және халықтар мәдениетінің тарихы. Тіл мен мәдениеттің, прото-тіл мен пракультураның, тайпалардың, диалектілердің, тілдік отбасының байланысы. Рухани және материалдық мәдениет. Этнолингвистикадағы орыс және американдық бағыттар.

10 тақырып. Мәтін лингвистикасы және дискурсивтік лингвистика.

Мәтін мен дискурстың белгілері. Мәтін мен дискурстың түрлері. Дискурсивтік талдау.

3. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.

Негізгі:

- 1 Қордабаев Т. Жалпы тіл білімі. – Павлодар: ПМУ, 2010. – 234 бет.
- 2 Шарапатұлы Ш. Жалпы тіл білімі. 1 -кітап. Тіл білінің тарихы: Оқулық. –
- 3 Қарағанды: Болашақ-баспа, 2006. – 158 б.
- 4 Аханов К. Тіл білім інің негіздері. – А., 2010. – 490 бет.
- 5 Қоңыратбаева Ж. Тіл білімі ғылымының теориясы мен тарихы. Оқу құралы. – Астана, 2013. – 311 б. <https://library.tou.edu.kz/fulltext/buuk/b1938.pdf>
- 6 Есеналиева Ж. Салғастырмалы тіл білімі. Оқулық. – Алматы, 2020. – 192 б. <https://www.ablaikhan.kz/images/obyay/>
- 7 Жұбанов А.Қ., Жаңабекова А.Ә. Корпустық лингвистика. – Алматы, 2017. – 318 б.
- 8 Норман, Б.Ю. Теория языка: вводный курс / Б.Ю. Норман. – 5-е изд., стер. – Москва: ФЛИНТА, 2018. – 296 с.: ил. – Режим доступа: по подписке. – URL: <https://biblioclub.ru/index.php?page=book&id=69152> – Библиогр. в кн. – ISBN 978-5-89349-498-3. – Текст: электронный.
- 9 Алпатов В.М. История лингвистических учений. Учебник и практикум 5-е издание. – М., 2017. – 453 с. <http://genling.spbu.ru/hl/085.pdf>
- 10 Мечковская Н.Б. Общее языкознание: Структурная и социальная типология языков. Учебное пособие для студентов филологических и лингвистических специальностей. 10-е издание, – М.: Флинта, 2020. – 312 с. <https://uploads.philology.by/logo/mechkovskaya.pdf>
- 11 Карлинский А.Е. Методология и парадигмы современной лингвистики. – Алматы, 2009. – 352 с.
- 12 Жұбанов А.Қ. Қазақ тіл білімі: қолданбалы лингвистика. – Алматы, 2012.
- Хасанұлы Б. Тілдік қатынас негіздері. – Алматы, 2006.

Қосымша:

- 1 Фромкин В., Родман Р., Хайамс Н. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 624 б. <https://kitap.kz/book/til-bilimine-kirispe>
- 2 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. <http://elib.kaznu.kz/app/voyager/books/1820/1530611717519.pdf?v=e121>
- 3 Авакова Р.А., Бектемирова С.Б. Түркі филологиясына кіріспе. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 320 с. Сусов И.П. История языкознания (Электронный ресурс) <http://www.homepages.tversu.ru/>
- 4 Хасенов Ә. Тіл білімі. – Астана: Ер-Дәулет, 2007. – 125 б. <http://kazneb.kz/site/catalogue/view?br=141132>
- 5 Сулейменова Э.Д. Казахстанская лингвистика на рубеже веков: docendo discimus. – Астана: Фолиант, 2013.
- 6 Есеналиева Ж.Ж. Заманауи лингвистикалық типологиядағы құрылымдық салғастырмалы парадигма / Ш. Уалиханов ат. Кокшетау мемлекеттік университетінің Хабаршысы. – № 1, 2015. – 126-132 бб. / https://docviewer.yandex.kz/view/1052414771/?page=3&*
- 7 Хашимов Р. Двухязычие и интерференция. Сущность, типология и функционирование. – М.: Флинта, 2019. – 320 с.
- 8 Сулейменова Э.Д. Казахский и русский языки: основы контрастной лингвистики. – Алматы, 1996. – 208 с.
- 9 Ахманова О. С. Словарь лингвистических терминов. – М., 2010.
- Әлеуметтік лингвистика терминдерінің сөздігі. Словарь социолингвистических терминов. 2-басылымы, өңделген/ Сулейменова Э.Д., 10 Шәймерденова Н.Ж., Смағұлова Ж.С., Ақанова Д.Х. – Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2019. – 394 с.
- 11 Жаналина Л.К. Актуальные проблемы языкознания. – Алматы, 2006.
- 12 Гак В.Г. О контрастной лингвистике // Вып. XXV. Контрастная лингвистика / Сост.: В.П. Нерознак В.Г. Гак. – М.: Прогресс, 1989. – 438 с.
- 13 Лингвистический энциклопедический словарь // <https://lingvisticheskiy-slovar.ru>
- 14 Комарова З.И., Дедюхина А.С. Методология, метод, методика и технология научных исследований в лингвистике: учебное пособие. УрФУ имени Первого президента России Б.Н. Ельцина. – 2015. – 652 с.
- 15 Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі: Сіз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі. (Өңделіп және толықтырылып, 3-басылуы). Оқулық. – Алматы, Санат, 1997. – 240 бет)
- 16 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі.—2-басылымы. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық.— Алматы: Ана тілі, 1991.—384 бет. 365 б.
- 17 Сыздықова Г.О. Қазіргі қазақ тілі морфологиясы: Оқулық. – Алматы, 2012 – 160 бет. / Электрондық ресурс <https://docviewer.yandex.kz/view/1052414771>
- 18 Сабитова З.К. Гендерная оппозиция в языке: диахронический аспект: Учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 157 б.
- 19 Потапова Р.К., Потапов В.В.: Язык, речь, личность. Языки славянских культур. – 2006. – 496 с.
- 20 Фазылжанова А. «Латын әліпбиін енгізу арқылы ұпайымызды түгендеп, ұтатын жеріміз көп» // <https://www.inform.kz/> 2021 ж. 7 ақпан
- 21 Багана Ж., Хапилина Е.В. «Контактная лингвистика. Взаимодействие языков и билингвизм». – М.: Флинта. – 2016. – 160 с.
- 22 Беликов В.И., Крысин Л.П. Социолингвистика: учебник для бакалавриата и магистратуры. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство Юрайт, 2016. – 337 с.
- 23 Красных В.В. Основы психолингвистики и теории коммуникации: лекционный курс. – М.: ИТДГК «Гнозис», 2001. – 270 с.

- 24 Жаркынбекова Ш.К. «Психоллингвистика» пәні бойынша оқу -әдістемелік кешен. – Астана, 2008. – 94 б. / <https://docviewer.yandex.kz/view/1052414771/?page>
- 25 Оразалиева Э.Н. Когнитивтік лингвистика: калыптасуы мен дамуы. Ғылыми монография. – “Ан Арыс” баспасы, Алматы, 2007 – 312 бет. / <https://docviewer.yandex.kz/view/1052414771/?page>
- 26 Попова З.Д., Стернин И.А. Когнитивная лингвистика: учебное издание. – М.: АСТ: «Восток-Запад», 2007. – 314 с.
- 27 Звегинцев В. А. Теоретико-лингвистические предпосылки гипотезы Сепира – Уорфа // Новое в лингвистике. – Вып. 1. – М., 1960. – С. 111–134
- 28 Лысак, М. С. Гипотеза Сепира – Уорфа: история, суть и влияние на науку / М. С. Лысак, А. А. Гальченко, О. В. Гавриш. – Текст : непосредственный // Молодой ученый. – 2020. – № 40 (330). – С. 239-242. – URL: <https://moluch.ru/archive/330/73918/>.
- 29 Маслова В.А. Лингвокультурология: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2001. – 208 с.
- Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация: учебное пособие. – М.: Слово/Slovo, 2000. – 624 с.
- 30 Садохин А.П. С14 Межкультурная коммуникация: Учебное пособие. М.: Альфа-М; ИНФРА-М, 2004. – 288 с. (В пер.)/ <file:///D:/2020-2021>
- 31 Грушевицкая Т.Г., Попков В.Д., Садохин А.П. Основы межкультурной коммуникации: Учебник для вузов /Под ред. А.П. Садохина. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2003. – 352 с. / <https://gendocs.ru/v25897>
- 31 Герд А.С. Введение в этнолингвистику: курс лекций и хрестоматия. – 2-е изд., исправл. – СПб.: Изд-во С-Петербур. ун-та, 2005. – 457 с.
- 32 Соснина Е.П. Введение в прикладную лингвистику: учебное пособие. – 2-е изд., испр. и доп. – Ульяновск: УлГТУ, 2012. – 110 с.
- 33 Вахтель Н.М. Основы прагмалингвистики: учебно-методическое пособие для вузов. – Воронеж: Изд-во Воронежского ун-та, 2008. – 34 с.
- 34 Горбунов А.Г. Дискурс как новая лингвофилософская парадигма: учебное пособие. – Ижевск: Изд-во «Удмуртский университет», 2013. – 56 с.
- 35 Переход на латиницу: за и против // <https://inbusiness.kz/ru/news/perehod-na-latinicu-za-i-protiv>